



# ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙГАЗ САЛАСЫНА ШОЛУ

2022 Тамыз



# МАЗМҰНЫ

|                               |    |
|-------------------------------|----|
| Қорлар                        | 05 |
| Мұнай және газ өндіру         | 06 |
| Өндіру құрылымы               | 07 |
| Мұнайды тасымалдау            | 08 |
| Газды тасымалдау              | 09 |
| Экспорт                       | 10 |
| Мұнайды өңдеу                 | 11 |
| Мұнайгаз секторы              | 12 |
| Қауіп-қатерлер мен тәуекелдер | 13 |
| Келешектер мен трендтер       | 14 |

## Негізгі тұжырымдар



Дәлелденген мұнай қоры бойынша Қазақстан әлемде 12-ші орынға ие – 3.9 млрд тонна, ал табиғи газ қоры бойынша 14-ші орында – 2.7 трлн текше метр.



2021 жылы 85.9 млн тонна мұнай өндірілді (ішкі тұтынудың үлесі -23%), ал өндірілген газ көлемі – 54.2 млрд текше м. (61%). 2022 жылы шамамен 87 млн тонна мұнай өндіріледі деп күтілуде. Ал 2024 жылдың кейін оның көлемі 100 млн тоннаға жетуі мүмкін.




Соңғы 30 жыл ішінде Қазақстан мұнай өндіруді 3.5 есеге арттырды. Сөйтіп, 2021 жылы мұнай өндіру бойынша әлемде 13 орынға шықты (жалпы әлемдік өндірудің 2%-ы).



Мұнайды игеру және өндіру бойынша ең ірі жобалар: «Теңізшевройл» ЖШС (31%), «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Б.В.» (19%) және «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» (13%).



Қазақстанда өндірілетін мұнайдың 80%-дан астамы экспортқа шығарылады, одан қалғаны өңдеу үшін ішкі нарыққа бағытталады



ҚР газ тасымалдау жүйесінің жалпы ұзындығы – 56 мың шақырымнан асатын газ тарату желісін, 20 мың шақырымнан астам магистралдық газ құбырын және 56 компрессор стансасын қамтиды.

## Негізгі тұжырымдар



2021 жылы Қазақстанның жалпы экспорттық құрылымында мұнай барлық тауарлардың 51.5%-ын, ал газ - 3.8%-ын құрады. 2020 жылы сәйкесінше 50.5% және 5.3% болды.



2021 жылдың қорытындысы бойынша бензиннің барлық маркасын өндіру 4.81 млн тоннны құрады (2020 жылмен салыстырғанда + 7.4%): экспорт - 0.1, ішкі тұтыну - 4.71, әуе отыны - 0.59 (+33.1%). Дизель отынын өндіру – 4.99 млн тонна (+6.8%): импорт - 0.3, экспорт - 0.2, ішкі тұтыну - 5.1.




Қазақстанның республикалық бюджеті мұнайгаз саласы есебінен 30-50%-ға толықтырылады



Соңғы 10 жыл ішінде Қазақстанға әкелінген шетелдік инвестицияның жалпы көлемінде мұнай мен газдың алатын орташа үлесі шамамен 33%-ды құрады.




Қазақстан өзінің энергия тасымалдаушыларын экспортқа шығару бойынша транзиттік елдерге тәуелді



Энергия тасымалдаушыларға деген әлемдік сұраныстың қалпына келуі, мұнай мен газ бағасының қымбаттылығы мұнайгаз секторынан түсетін табысты арттыруға мүмкіндік береді



Әлемдік  
қордың 2%-ы



Мұнай бойынша  
12-ші орын, газ –  
14-ші орын



Мұнай қоры 45  
жылдан астам  
уақытқа жетеді

## Мұнай қоры

Қазақстан аумағында 200-ден астам мұнай кен орны ашылған. Бүгінде ел аумағының 62% жерін мұнайлы-газды аудандар алып жатыр.

Кен орындарының басым бөлігі еліміздің батысында: Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында шоғырланған.


Өндірілетін қорлар бойынша ең үлкен кен орындары: **Қашаған** (1-2 млрд тонна\*), **Теңіз** (0.75 - 1.125 млрд тонна\*), **Қарашығанақ** (1.35 трлн м³ газ және 1.2 млрд тонн мұнай), **Өзен** (1.1 млрд тонна\*), **Қаламқас** (67.6 млн тонна\*) және **Жетібай** (68 млн тонна\*).

Расталған мұнай қоры бойынша еліміз әлемде **12 орынға ие – 3.9 млрд тонна**, табиғи газ қоры бойынша **14 орында – 2.7 трлн текше м.**

Қазақстанның дәлелденген мұнай қоры мен конденсатын ағымдағы деңгейде өндіру жалғасатын болса, олар **45 жылдан астам уақытқа** жетеді.


\* Бағалау

### Елдер бойынша мұнай мен конденсаттың расталған қорлары, млрд тонна



Дереккөз: British Petroleum деректері, АҚШ Энергетикалық ақпарат басқармасы, ҚР ҰСБ

### Мұнайдың бағаланған қоры, млрд тонна



1990 жылдан күні бүгінге дейін 1.8 млрд тонна мұнай өндірілді.

Геологиялық барлау жұмыстарын лайықты қаржыландырылатын болса, Каспий мен Арал теңіздері аумағында жер қойнауын зерттеу - елдің ресурстық әлеуетін одан әрі арттыруға септігін тигізеді.



**85.9**  
млн тонна



**54.2**  
млрд текше м

## Мұнай мен газды өндіру

2021 жылы мұнайды өндіру **85.9 млн тоннаны құраса** (ішкі тұтыну үлесі – 23%), газды өндіру – **54.2 млрд текше. м.** (61%) құрады.

Соңғы 30 жылда Қазақстан мұнай өндіруді **3.5 есеге** арттырды. Сөйтіп 2021 жылы мұнай өндіру бойынша әлемде **14 орынға** ие болды (жалпыәлемдік өндірудің 2%-ы)


Қазақстан тәуелсіздігін алғалы бері табиғи газды өндіру **6 есеге** дейін ұлғайды деуге болады.

Қазақстанда көмірсутектерді өндірудің сенімді және тұрақты өсуі елдің мұнай экспорттаушы топ-10 елдің қатарына енуіне септігін тигізді.


Энергия тасымалдаушылар нарығында қолайлы жағдаяттың қалыптасуы және сұраныстың артуы есебінен елімізде қысқа және орта мерзімді келешекте мұнай мен газ өндіру көлемінің айтарлықтай өсуіне негіз бар.

2022 жылы шамамен 87 млн тонна мұнай өндіріледі деп күтілуде, ал 2024 жылдан кейін ол 100 млн тоннаға жетуі ықтимал.

### Мұнай мен конденсатты өндіру серпіні, млн тонна



### Табиғи газды өндіру серпіні, млрд текше м.





**31%**



**19%**



**13%**


## Өндіру құрылымы

Мұнайды игеру және өндіру бойынша ең ірі жобалар: «**Теңізшевройл**» ЖШС (ТШО), «**Норт Каспиан Оперейтинг Компани Б.В.**» (НКОК) және «**Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.**» (КПО).

Өндіру құрылымында мынадай ірі әлемдік компаниялар: **Chevron** (АҚШ), **ExxonMobil** (АҚШ), **CNPC** (Қытай), **ENI** (Италия), **Shell** (Ұлыбритания), **Лукойл** (Ресей), **Total** (Франция) және басқалар орналасқан.

**ҚазМұнайГаз** ұлттық компаниясы Қазақстанның мұнайгаз саласының көшбасшысы болып табылады және ол қосымша құн жасау тізбегінің барлық сатыларына кіріктірілген.


### Компаниялар бойынша мұнай өндіру құрылымы, млн тонна



Әртараптандырудың және ұлттық компанияның қатысу үлесінің айтарлықтай жоғары деңгейде екендігіне қарамастан, мұнай мен газ өндірудің басым бөлігі шетелдік серіктестер бақылауында. Жыл сайын экспорттық түсімнің шамамен 35%-ы шетелдік инвесторларға төленеді.

Келісім-шарттардың аяқталу мерзімі:  
ТШО – 2033 жыл, НКОК – 2041, КПО – 2037.

### Жобалар бойынша мұнай өндіру құрылымы, %



## Экспорт



**77.6\***

млн тонна

## Транзит



**20.0\***

млн тонна

## Ішкі нарық



**26.1**

млн тонна

## Мұнай тасымалдау

Негізінен мұнай тасымалдау **мұнай құбырлары** арқылы жүзеге асырылады. Ол ең арзан және экологиялық жағынан қауіпсіз.

Қазақстанда өндірілетін мұнайдың **80%-дан астамы экспортқа шығарылады** (атап айтқанда КҚК). Қалған бөлігі ішкі нарыққа өңделуге жіберіледі.

Негізгі операторлар:

- **«Каспий Құбыр желісі Консорциумы» (КҚК)**

Бағыты: Теңіз-Новороссийск

Қуаты: 67.0 млн тонна

Ұзындығы: 1 510 шақ. (452 шақ – ҚР)

- **«ҚазТрансОйл» АҚ**

Бағыты: Қазақстан МӨЗ, Өзен-Атырау-Самара, Ақтау порты, КҚК және Атасу-Алашанькоу-да жүк ауыстыру

Қуаты: 17.5 млн тонна (Атырау-Самара), 5.2 млн тонна (Ақтау п.)

Ұзындығы: 5 372 шақ.

- **«Қазақстан-Қытай құбыр желісі» ЖШС**

Бағыты: Атасу-Алашанькоу, Кеңқияқ-Құмкөл

Қуаты: 20.0 млн тонна

Ұзындығы: 1 759 шақ.


- **«МұнайТас» ЖШС**

Бағыты: Кеңқияқ - Атырау

Қуаты: 6.0 млн тонна

Ұзындығы: 449 шақ.

## Магистралды желілер бойынша мұнай тасымалдау көлемі, млн тонна



Дереккөз: ҚМГ 2021 Ж. Жылдық есебі (\*жиынтықталған деректер)

## Экспорт



**17.4\***

млрд текше м

## Транзит



**70.2\***

млрд текше м

## Ішкі нарық



**20.3**

млрд текше м

## Газ тасымалдау

Қазақстан аумағында магистралды және тарату газ құбырлары жүйесі кең тараған.

«QazaqGaz» ҰК АҚ газ және газбен қамту саласында ұлттық оператор болып табылады. Магистралды газ құбырлары арқылы тауарлық газды тасымалдау бойынша орталықтандырылған инфрақұрылымды басқарады.

ҚР газ тасымалдау жүйесінің жалпы ұзындығы – 56 мың шақырымнан асатын газ тарату желісін, 20 мың шақырымнан астам магистралдық газ құбырын және 56 компрессор стансасын қамтиды.

Негізгі операторлар:


- **«Интергаз Орталық Азия» АҚ**  
Бағыты: Қазақстан, Ресей, Өзбекстан, Түркіменстан  
Қуаты: 198 млрд текше м.  
Ұзындығы: 15 260 шақырым

- **«Азия Газ құбыры» ЖШС**  
Бағыты: Қазақстан-Қытай  
Қуаты: 55 млрд текше м.  
Ұзындығы: 3 916 шақырым

- **«Бейне-Шымкент газ құбыры» ЖШС**  
Бағыты: Бейнеу-Бозой-Шымкент  
Қуаты: 15 млрд текше м. Қуаты: 1 454 шақырым

- **«КТГ-Аймақ» АҚ**  
Бағыты: Ішкі нарық  
Ұзындығы: 59 182 шақырым

## Газ тасымалдау көлемі, млрд текше м.



Дереккөз: ҚМГ 2021 Ж. Жылдық есебі (\*жиынтықталған деректер)



**31.1**  
млрд \$




**2.1**  
млрд \$

## Экспорт


2021 жылы еліміздің жалпы экспортының көлемінде мұнай барлық тауарлардың **51.5%-ын**, ал газдың **3.8%-ын** құрады. Сәйкесінше 2020 жылы – 50.5% және 5.3%.

Мұнайдың **96%-дан** астамы мұнай құбырлары арқылы экспортталған және оның көлемінің **70%-дан** астамы Еуропа елдеріне бағытталған. Соңғы жылдары Қазақстан газының негізгі бөлігін Қытай тұтынып жатыр

Мұнай экспорты арналары, млн тонна




Мұнайды экспорттау серпіні, млрд доллар



Елдер бойынша экспорт, 2021 жыл

|                |                    |              |             |
|----------------|--------------------|--------------|-------------|
|                | Италия             | 8.62         | 27.7%       |
|                | Нидерланд          | 3.73         | 12.0%       |
|                | Франция            | 2.09         | 6.7%        |
|                | Қытай              | 1.86         | 6.0%        |
|                | Корея Республикасы | 1.70         | 5.5%        |
|                | Түркия             | 1.67         | 5.4%        |
|                | Испания            | 1.56         | 5.0%        |
|                | Үндістан           | 1.53         | 4.9%        |
|                | Румыния            | 1.43         | 4.6%        |
|                | Греция             | 1.22         | 3.9%        |
|                | Қалған елдер       | 5.68         | 18.3%       |
| <b>БАРЛЫҒЫ</b> |                    | <b>31.09</b> | <b>100%</b> |

Газды экспорттау серпіні, млрд доллар



Елдер бойынша экспорт, 2021 жыл

|                |              |             |             |
|----------------|--------------|-------------|-------------|
|                | Қытай        | 1.083       | 51.5%       |
|                | Украина      | 0.240       | 11.4%       |
|                | Тәжікстан    | 0.170       | 8.1%        |
|                | Ресей        | 0.160       | 7.6%        |
|                | Түркия       | 0.110       | 5.2%        |
|                | Алжир        | 0.108       | 5.1%        |
|                | Қырғызстан   | 0.052       | 2.5%        |
|                | Румыния      | 0.033       | 1.6%        |
|                | Швейцария    | 0.033       | 1.6%        |
|                | Польша       | 0.032       | 1.5%        |
|                | Қалған елдер | 0.081       | 3.8%        |
| <b>БАРЛЫҒЫ</b> |              | <b>2.10</b> | <b>100%</b> |

Дереккөз: ҚР ҰСБ, ҚМГ 2021 жылғы Жылдық есебі



4.8  
млн тонна



4.9  
млн тонна



0.6  
млн тонна

Мұнайды өңдеу

Қазақстанда мұнай өңдеудің негізгі үлесін **Атырау, Павлодар және Шымкент (ПКОП)** мұнай өңдеу зауыттары (МӨЗ) және **Caspi Bitum ЖШС** жүзеге асырады:

Мұнай өңдеу зауыттарында ашық түсті мұнай өнімдерінің (бензин, дизель отыны, авиа отын және сұйытылған газ) үлесі 71%-ды, қара түсті мұнай өнімдерінің (мазут, битум және вакуумды газоиль) үлесі 23%-ды, мұнай химия және мұнай өңдеудің басқа да өнімдері 6%-ды құрайды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша МӨЗ-дерде мұнай өңдеу көлемі **17.03 млн тоннаны** (2020 жылға қарағанда 7.7%-ға көп) құрады.

**Бензиннің** барлық маркасын өндіру **4.81 млн тоннаны** құрады(өсім 7.4%): экспорт - 0.1, ішкі тұтыну - 4.71, **авиа отын – 0.59 млн тонна** (өсім 33.1%), **дизель отыны -4.99 млн тонна (өсім 6.8%): импорт - 0.3, экспорт - 0.2, ішкі тұтыну - 5.1.**

2022.09.08. ЖЖМ бөлшек бағасы, теңге/л

|          |       |
|----------|-------|
| Аи-92    | 177.6 |
| Аи-95/96 | 207.4 |
| Аи-98    | 234.8 |
| ДТз      | 332.2 |
| ДТл      | 236.6 |



2018 жылы үш МӨЗ-ді жаңарту жұмыстары аяқталды. Бұл зауыттардың бекітілген қуаттарын 26%-ға ұлғайтуға және К4, К5 экологиялық стандарттарына сәйкес келетін мұнай өнімдері өндірісіне өтуге мүмкіндік берді.

Қазіргі таңда зауыттардың қуаттылығы ішкі тұтынуды қамтамасыз етуге жеткілікті екендігіне қарамастан, бағаның төмендігіне байланысты ЖЖМ бір бөлігі экспортқа кетеді. Бұл ішкі нарықта қайта-қайта жасанды тапшылық тудырады. Қазақстанда мұнай бағасы орташа әлемдік бағадан 3 есе төмен.

Мұнай өңдеу зауыттарының негізгі көрсеткіштері, 2021ж.

| Жобалық қуаты                | 5.5  | 6.0  | 6.0 |
|------------------------------|------|------|-----|
| Өңдеу көлемі, млн тонна      | 5.5  | 5.4  | 5.1 |
| Ашық түсті мұнай өнімдері, % | 63   | 69   | 80  |
| Нельсон индексі*             | 13.9 | 10.5 | 8.2 |

\* Мұнай өңдеуші зауыттарға, олардың күрделілігі негізінде мән беру үшін қолданылатын есептеу жүйесі



**30-50%**

Мұнайгаз саласынан  
бюджетке түскен түсім үлесі



**46%**

Мұнайгаз саласына  
жұмсалған ТШИ үлесі

## Мұнайгаз секторы

Мұнай және газ конденсаты  
Қазақстанның тауарлық экспортының  
**60%-ын** қамтамасыз етеді.


**Ұлттық қор 99%-ға** мұнайгаз секторы  
түсімі есебінен толықтырылады.

Соңғы 10 жылда Ұлттық қордан  
Республикалық бюджетке жасалған  
**аударымдар 30-45%-ды** құрады.

Шикі мұнай мен мұнай өнімдеріне  
салынатын экспорттық кеден салығын  
ескере отырып, **Республикалық бюджет**  
**30-50%-ға** мұнайгаз саласы есебінен  
толығады.

Ұлттық қорға түсетін түсімнің мөлшері  
мұнай бағасына тікелей тәуелді

## ТШИ жалпы келуі, млрд доллар




Дереккөз: ҚР Ұлттық Банкі

Соңғы 10 жыл ішінде Қазақстанға  
**тікелей шетелдік инвестицияның**  
**жалпы келуінде** мұнай мен газдың  
орташа үлесі **шамамен 46%-ды** құрады.

Саланы дамыту үшін алдағы жылдары да  
инвестицияның жоғары деңгейін сақтау  
қажет

## Ұлттық қорға түсетін түсімдер серпіні және мұнай бағасы, млрд теңге



Дереккөз: ҚР МКК, АҚШ Энергетикалық ақпарат басқармасы

## Қауіп-қатерлер мен тәуекелдер

Қазіргі таңда әлемдік энергетика саласында айқынсыздық сақталуда. Одан басқа, антиресейлік санкциялар мен валюталық ауытқулар да еліміздің экспорттық әлеуетіне кері әсер етеді.

Қазақстанның мұнайгаз саласының негізгі тәуекелдері мыналар:

- Қазақстанның энергия тасымалдаушыларын экспорттаудың транзитті елдерге тәуелділігі;
- Жобалардың қомақты капиталды қажет ететіндігіне және жасыл экономикаға ден қойыла бастауына байланысты инвестициялық ресурстардың тапшылығы;
- Сұраныс серпініне қарамастан, ОПЕК+ елдері тарапынан өндіру қуатын арттыру, Иранды ешқандай санкциялық шектеулерсіз мұнай сатушы ел ретінде тарту;
- Ескі кен орындарында мұнай өндірудің өзіндік құнының өсуі және мұнай компанияларын реттеуді қатаңдату;
- Инфрақұрылымның жеткілікті дамымауы. Мысалы, құбыр желілерінің және Каспий теңізінің қазақстандық секторының өткізу қабілетінің төмендігі;
- Мұнайгаз саласында көміртектік бейтараптыққа өту бойынша тренд;
- ЕО көміртек салығын енгізу. Ол мұнайдан түсетін табыстарды айтарлықтай төмендеуге сеп болады.
- Мұнай мен газды өндіруден түсетін мол табыстың басым бөлігі шетелдік компанияларға аударылады;
- Ықтимал ғаламдық рецессия энергия ресурстарына деген сұранысты төмендетуі және өнеркәсіптік өндірістің қысқаруына әкеп соғуы мүмкін.
- Мұнай өндіру саласының бәсекеге қабілетті еместігі және мұнай химия саласының әлсіз дамуы;

## Келешектер мен трендтер

2021 жылдан бастап, энергия тасымалдаушыларға деген сұраныс ұсыныстан асып түсіп жатыр. ОПЕК+ мүшелерінің шикі мұнайды өндіруді тежеуіне және COVID-19 пандемиясынан кейін экономикалық белсенділіктің қалпына келуіне байланысты, Brent маркалы мұнай бағасы 2022 жылы рекордтық көрсеткішке дейін өсті.

АҚШ Энергетикалық ақпарат басқармасының болжамына сәйкес 2022 жылы мұнай бағасының бір баррелінің орташа бағасы 105 доллар, ал 2023 жылы 95 доллар болады.

Саланың келешегі бойынша мына жайттерді атап өтуге болады:

- Энергия тасымалдаушылардың әлемдік бағасының қалпына келуі және мұнай мен газдың жоғары бағасы. Халықаралық сарапшылардың болжамына сәйкес мұнайға қатысты жоғары бағаның жаңа суперциклін жүзеге асыру;
- Ескі кен орындарының сарқылуы және өндірудің қиындай түсуіне байланысты көмірсутектердің әлемдік қорының шектеулігі;
- Қайта қалпына келетін энергия көздерінің үлесін кеңейтуді баяулату;
- Қытай, Үндістан және ЕО (энергетикалық дағдарыс) тарапынан энергия ресурстарына сұраныстың жоғары болуы;
- Еуропа елдері үшін газды алудың және қолданудың геосаяси қиындықтары мұнай және оның өңделген өнімдеріне субститут (алмастырушы тауар) ретінде сұранысты күшейтеді;
- Құрылыс, ауыл шаруашылығы және жалпы қолданыстағы тауарларды өндіру қажеттілігі үшін көбінесе отын-энергетикалық саланы қамти отырып, шикі мұнайға деген сұраныстың құрылымын өзгерту;
- Әр түрлі полимерлердің өзіндік құнын төмендету және өндірісі бойынша технологияларды жақсарту тұрақты сұранысты қамтамасыз етеді. Бұл мұнай бағасының құбылмалылығын айтарлықтай түсіреді;
- Мұнай-химиялық өнімдерге деген сұраныстың күшеюі. Біздің [скорингке](#) сәйкес Қазақстанда мұнай-химия саласының даму бойынша әлеуеті өте жоғары.

**Автор: Сұрағанов Аят (a.suraganov@jusan.kz)**

## Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.  
analytics@jusan.kz

### **Жауапкершіліктің шектелуі:**

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл таза ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір есеп-қисап беру емес, сондай-ақ іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіптік консультациялар және көрсетілетін қызметтер ұсыну бойынша ұсынысқа немесе қандай да бір ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты болмаймыз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзету үшін өзіне міндеттеме алмайды. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.